БЕКІТЕМІН
“Нұр-Бала” бөбекжай-бақша” ЖШС
меңгерушісі _____ Ж.М Сапарбаева

“Нұр-Бала” бөбекжай-бақша”
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
2024–2025 оқу жылына арналған
әдістемелік кеңесі отырысының жоспары

“Нұр-Бала” бөбекжай-бақша” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
2024–2025 оқу жылына арналған
әдістемелік кеңесі отырысының жоспары

Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
Күн тәртібінде: 1. 2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттарын талқылау. 2. Перспективалық жоспарлар мен циклограммалардың талапқа сәйкестігін қарастыру. 3. Топтардағы дамытушы заттық-кеңістіктік ортаның ұйымдастырылуын талдау. 4. Педагогтердің оқу жылына арналған шығармашылық тақырыптарын бекіту. 5. Ағымдағы мәселелер.	Қыркүйек 2024 ж.	Әдіскер Карибаева А.С
Күн тәртібінде: 1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесінде заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану. 2. Балалардың тілдік, танымдық және шығармашылық дағдыларын дамыту жұмыстарын талдау. 3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізу бойынша ұсыныстар беру. 5. Ағымдағы мәселелер.	Қараша 2024ж	Әдіскер Карибаева А.С
Күн тәртібінде: 1. Бірінші жартыжылдық бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің нәтижелерін талдау. 2. Балалардың жеке даму карталары бойынша мониторинг нәтижелерін қарастыру. 3. Балалардың еңбек дағдыларын қалыптастыру бағытындағы жұмыстардың орындалуын талдау. 4. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және тәжірибе алмасу жұмыстарын ұйымдастыру. 5. Ағымдағы мәселелер	Қаңтар 2025ж	Әдіскер Карибаева А.С
Күн тәртібінде: 1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру барысын	Мамыр 2025ж	Әдіскер Карибаева А.С

талдау. 2. Балалардың зерттеушілік, шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуда инновациялық технологияларды қолдану. 3. Жылдық жұмыс жоспарының орындалуын талдау. 5. Келесі оқу жылына арналған ұсыныстар мен міндеттерді		

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «12» қыркүйек 2024 жыл
Өткізілген орны: «Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер және педагогикалық ұжым мүшелері.
Қатыспағандар: жоқ

Тақырыбы: «2024–2025 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары».
Мақсаты: Жаңа оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың мазмұнын айқындау, педагогтердің құжаттарын зерделеу және тәрбиелеу-білім беру ортасының сапасын арттыру.
Күн тәртібі:

1. 2026–2027 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттарын талқылау.
2. Перспективалық жоспарлар мен циклограммалардың талапқа сәйкестігін қарастыру.
3. Топтардағы дамытушы заттық-кеңістіктік ортаның ұйымдастырылуын талдау.
4. Педагогтердің оқу жылына арналған шығармашылық тақырыптарын бекіту.
5. Ағымдағы мәселелер.

1. Бірінші мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. 2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттарымен таныстырды. Жаңа оқу жылында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, тәжірибе алмасу, заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану және балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау бағытындағы жұмыстарға тоқталды.
Қаулы:

1. 2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Педагогтер жылдық жоспарға сәйкес жұмыстарды жүйелі жүргізсін.

2. Екінші мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. педагогтердің перспективалық жоспарлары мен циклограммаларын тексеру нәтижесімен таныстырды. Құжаттардың үлгілік оқу бағдарламасы мен мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкестігі қаралды. Жоспарлау барысында балалардың жас ерекшеліктері мен жеке қажеттіліктерін ескеру қажеттігі айтылды.
Қаулы:

1. Перспективалық жоспарлар мен циклограммалар талапқа сай рәсімделсін.
2. Құжаттарды жүргізу сапасы әдіскердің бақылауында болсын.

3. Үшінші мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Топтардағы дамытушы заттық-кеңістіктік ортаның ұйымдастырылуы талқыланды. Тәрбиешілерге ойын, шығармашылық, танымдық, зерттеу және кітап бұрыштарын балалардың жас ерекшеліктеріне

сәйкес жабдықтау ұсынылды. Ортаның қауіпсіздігіне, қолжетімділігіне және балалардың еркін әрекет етуіне ерекше назар аудару қажеттігі ескертілді.

Қаулы:

1. Топтардағы дамытушы ортаны талапқа сай ұйымдастыру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Қажетті құрал-жабдықтармен және көрнекіліктермен толықтыру жұмыстары жүргізілсін.

4. Төртінші мәселе бойынша тыңдалды:

Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. педагогтердің 2024–2025 оқу жылына арналған шығармашылық тақырыптарын қарауға ұсынды. Әр педагогтің таңдаған тақырыбы талқыланып, оның өзектілігі мен тәжірибеде қолдану мүмкіндіктері қарастырылды.

Қаулы:

1. Педагогтердің шығармашылық тақырыптары бекітілсін.
2. Әр педагог жыл бойы өз тақырыбы бойынша ізденіс жұмыстарын жүргізіп, тәжірибесін жинақтасын.

5. Бесінші мәселе бойынша:

Ағымдағы мәселелер қаралды. Педагогтерге оқу-тәрбие жұмыстарын сапалы ұйымдастыру, құжаттамаларды уақытылы жүргізу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ата-аналармен байланысты нығайту тапсырылды.

Қаулы:

1. Оқу-тәрбие жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілсін.
2. Қабылданған шешімдердің орындалуы әдіскердің бақылауына алынсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы: _____ Сапарбаева Ж.М.

Хатшы: _____ Шортанова Ж,К.

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «4» қараша 2024 жыл
Өткізілген орны: «Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер және педагогикалық ұжым мүшелері.
Қатыспағандар: жоқ

Тақырыбы: «Тәрбиелеу-білім беру процесінде заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану».
Мақсаты: Педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру, балалардың негізгі дағдыларын дамытуда тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану және пилоттық жобаның жүзеге асырылу барысын талдау.
Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесінде заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану.
2. Балалардың тілдік, танымдық және шығармашылық дағдыларын дамыту жұмыстарын талдау.
3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізу бойынша ұсыныстар беру.
4. Ағымдағы мәселелер.

1-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесінде заманауи әдіс-тәсілдерді қолданудың маңыздылығына тоқталды. Атап айтқанда, ойын технологиялары, жобалау әдісі, зерттеу жұмыстары, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен шығармашылық тапсырмаларды тиімді пайдалану қажеттігін айтты.
Қаулы:

1. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану жалғастырылсын.
2. Педагогтер өз тәжірибелерінде жаңа технологияларды жүйелі пайдалансын.

2-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Тәрбиешілер балалардың тілдік, танымдық және шығармашылық дағдыларын дамыту бағытында атқарылған жұмыстарға тоқталды. Балалардың сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру, қоршаған ортаны танып-білуге қызығушылығын арттыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша жүргізілген жұмыстар талқыланды.
Қаулы:

1. Балалардың тілдік, танымдық және шығармашылық дағдыларын дамыту жұмыстары жүйелі жалғастырылсын.
2. Әр баланың жеке даму ерекшеліктері ескерілсін.

3-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Әдіскер педагогтерге ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жоғары деңгейде өткізу бойынша ұсыныстар берді. Іс-әрекет барысында

балалардың белсенділігін арттыру, көрнекіліктерді тиімді пайдалану, ойын элементтерін енгізу және балалардың жас ерекшеліктерін ескеру қажеттігі айтылды.

Қаулы:

1. Педагогтер ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бекітілген жоспарға сәйкес өткізсін.
2. Іс-әрекеттерде тиімді әдіс-тәсілдер мен көрнекі құралдар қолданылсын.
3. Өткізілген іс-әрекеттер бойынша өзара тәжірибе алмасу ұйымдастырылсын.

5-мәселе бойынша:

Ағымдағы мәселелер қаралып, педагогтерге құжаттамаларды уақытылы жүргізу, балалардың қауіпсіздігін сақтау және ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту тапсырылды.

Қаулы:

1. Оқу-тәрбие жұмыстарының сапалы орындалуы қамтамасыз етілсін.
2. Қабылданған шешімдердің орындалуы әдіскердің бақылауына алынсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы: _____ Сапарбаева Ж.М.

Хатшы: _____ Шортанова Ж,К.

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №3 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «09» қаңтар 2025 жыл
Өткізілген орны: «Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер және педагогикалық ұжым мүшелері.
Қатыспағандар: жоқ

Тақырыбы: «Бірінші жартыжылдықтағы тәрбиелеу-білім беру жұмыстарының қорытындысы».
Мақсаты: Бірінші жартыжылдықта атқарылған жұмыстарды саралау, балалардың даму деңгейін анықтау және педагогтердің кәсіби тәжірибесін жетілдіру.
Күн тәртібі:

1. Бірінші жартыжылдық бойынша тәрбиелеу-білім беру процесінің нәтижелерін талдау.
2. Балалардың жеке даму карталары бойынша мониторинг нәтижелерін қарастыру.
3. Балалардың еңбек дағдыларын қалыптастыру бағытындағы жұмыстардың орындалуын талдау.
4. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және тәжірибе алмасу жұмыстарын ұйымдастыру.
5. Ағымдағы мәселелер.

1-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. 2024–2025 оқу жылының бірінші жартыжылдығында атқарылған тәрбиелеу-білім беру жұмыстарының нәтижелерімен таныстырды. Жылдық жоспарға сәйкес өткізілген іс-шаралар, ұйымдастырылған іс-әрекеттер, мерекелік бағдарламалар мен тәрбиелік жұмыстарға тоқталды. Жалпы оқу-тәрбие жұмыстарының орындалу барысына талдау жасады.
Қаулы:

1. Бірінші жартыжылдықтағы жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Екінші жартыжылдықта анықталған кемшіліктерді түзету жұмыстары жүргізілсін.

2-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Әдіскер балалардың жеке даму карталары бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін қарастырды. Балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларының даму көрсеткіштеріне талдау жасалды.
Қаулы:

1. Мониторинг нәтижелері негізінде балалармен жеке және түзету-дамыту жұмыстары жалғастырылсын.
2. Әр баланың даму ерекшеліктері ескеріліп, жеке қолдау көрсетілсін.

3-мәселе бойынша тыңдалды:

Тыңдалды: Тәрбиешілер балалардың еңбек дағдыларын қалыптастыру бағытында атқарылған жұмыстар туралы баяндады. «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасы аясында ұйымдастырылған зергерлік, аспаздық, тігін, инженерлік, құрылыс, жылыжай және қолөнер бағытындағы жұмыстар талқыланды.

Қаулы:

1. Балаларды еңбекке баулу жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Пилоттық жоба аясындағы шеберханалар жұмысы жандандырылсын.
3. Балалардың еңбекке қызығушылығы мен дербестігін қалыптастыруға көңіл бөлінсін.

4-мәселе бойынша тыңдалды:

Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, біліктілігін жетілдіру, аудандық және облыстық семинарларға қатысу, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізу және өзара тәжірибе алмасу жұмыстарының маңыздылығын атап өтті.

Қаулы:

1. Педагогтердің кәсіби даму жұмыстары жалғастырылсын.
2. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен шеберлік сағаттары ұйымдастырылсын.
3. Педагогтердің озық тәжірибелері жинақталып, таратылсын.

5-мәселе бойынша:

Ағымдағы мәселелер қаралды. Педагогтерге екінші жартыжылдықтағы жұмыс жоспарларын сапалы орындау, құжаттамаларды уақытылы жүргізу және тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету тапсырылды.

Қаулы:

1. Екінші жартыжылдықтағы жұмыстар бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілсін.
2. Қабылданған шешімдердің орындалуы әдіскердің бақылауына алынсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы: _____ Сапарбаева Ж.М.

Хатшы: _____ Шортанова Ж,К.

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №4 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «6» мамыр 2025 жыл
Өткізілген орны: «Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер және педагогикалық ұжым мүшелері.
Қатыспағандар: жоқ

Тақырыбы: «2024–2026 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың қорытындысы».
Мақсаты: Оқу жылы барысында атқарылған тәрбиелеу-білім беру және әдістемелік жұмыстарды қорытындылау, педагогтердің жетістіктерін саралау, келесі оқу жылына міндеттер белгілеу.
Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру барысын талдау.
2. Балалардың зерттеушілік, шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуда инновациялық технологияларды қолдану.
3. Жылдық жұмыс жоспарының орындалуын талдау.
4. Келесі оқу жылына арналған ұсыныстар мен міндеттер.

1-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының іске асырылу барысына тоқталды. Оқу жылы бойы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің мазмұны, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүргізілген жұмыстар және бес негізгі дағдыны дамыту нәтижелері талданды.
Қаулы:

1. Үлгілік оқу бағдарламасының орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балалардың даму деңгейін жетілдіру жұмыстары келесі оқу жылында жалғастырылсын.

2-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Педагогтердің балалардың зерттеушілік, шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуда қолданған инновациялық әдіс-тәсілдері қарастырылды. Зерттеу, тәжірибе жасау, шығармашылық тапсырмалар мен ойын технологияларының тиімділігі атап өтілді.
Қаулы:

1. Инновациялық технологияларды қолдану тәжірибесі жалғастырылсын.
2. Балалардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар күшейтілсін.

3-мәселе бойынша тыңдалды:
Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарының орындалуына талдау жасады. Жоспарланған әдістемелік кеңестер, семинарлар, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, байқаулар мен тәрбиелік іс-шаралардың орындалу барысы қарастырылды.

Қаулы:

1. Жылдық жұмыс жоспарының орындалу нәтижесі қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Атқарылған жұмыстардың есебі жинақталып, қорытынды құжаттар рәсімделсін.

5-мәселе бойынша тыңдалды:

Тыңдалды: Әдіскер Карибаева А.С. келесі 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың басым бағыттары бойынша ұсыныстарын білдірді. Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру, инновациялық әдістерді енгізу, балалардың жеке қабілеттерін дамыту және ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту қажеттігі айтылды.

Қаулы:

1. Келесі оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары ұсыныс ретінде қабылдансын.
2. Педагогтердің кәсіби дамуына және тәжірибе алмасуына жағдай жасалсын.
3. Балалардың жан-жақты дамуына бағытталған жұмыстар жүйелі жалғастырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы: _____ Сапарбаева Ж.М.

Хатшы: _____ Шортанова Ж,К.